

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 19 қаңтардағы № 128 шешімі. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 қаңтарда № 9-19-88 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 270 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 20.03.2015 № 270 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 13.03.2014 № 181 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 238–бабының 2-тармағын орындау үшін, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы және өзін-өзі басқару" Қазақстан Республикасы Заңының 6–бабының 1–тармағының 15) тармақшасына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

Ескерту. Кіріспе өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009.09.23 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) ш е ш і м і м е н .

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда аудандық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 13.03.2014 № 181 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ұзынкөл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 112 " Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру

, мәдениет саласының азаматтық қызметшілеріне, жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" шешімінің күші ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>К е з е к т е н</i>	<i>т ы с</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Г. Абильмажинова</i>	
	<i>Ұ з ы н к ө л</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>В. Вербовой</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК